

"Стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінің, кен орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қазандағы № 1137 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 607 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 389 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.06.2018 № 389 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінің, кен орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қазандағы № 1137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 56, 793-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінің, кен орындарының тізбесін, сондай-ақ оларды осындайларға жатқызу критерийлерін бекіту туралы"; кіріспесі мен 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінің, кен орындарының тізбесі;

2) жер қойнауы учаскелерін, кен орындарын стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне, кен орындарына жатқызу критерийлері бекітілсін.";

осы қаулыға қосымшаға сәйкес көрсетілген қаулыға қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 7 тамыздағы

Жер қойнауы учаскелерін, кен орындарын стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне, кен орындарына жатқызу критерийлері

1. Жер қойнауы учаскелерін, кен орындарын стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне, кен орындарына жатқызу үшін олар мынадай критерийлердің біріне сәйкес келуі қажет:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған бір немесе бірнеше келісімшарт шеңберінде бір тұлға не үлестес тұлғалар тобы игеретін кен орындары тобының жер қойнауы учаскесінде болуы, олардың пайдалы қазбаларының алынатын қорының жиынтық шамасы мыналарды құрайды:

Пайдалы қазба, қорлардың өлшем бірлігі	Қорлар мөлшері
1	2
Көмірсутек шикізаты	
Мұнай, млн. т	≥15
Табиғи газ, млрд. м ³	≥10
Қара металдар кен орындары	
Темір кендері, млн. т	≥100
Марганец кендері, млн. т	≥20
Хромит кендері, млн. т	≥30
Түсті, сирек кездесетін және асыл металдар кен орындары	
Мыс, млн. т	≥5
Қорғасын, млн. т	≥2
Мырыш, млн. т	≥2
Бокситтер, млн. т	≥50
Никель, мың т	≥50
Вольфрам, мың т	≥100
Молибден, мың т	≥200
Алтын, т	≥50
Энергетикалық шикізат кен орындары	
Көмір, млн. т	
коксталатын	≥50
энергетикалық	≥500
қоңыр	≥500
Жанғыш тақтатастар, млн. т	≥500

Бейметалл пайдалы қазбалардың кен орындары	
Фосфориттер (кені), млн. т	≥ 200
Калий тұздары:	
хлорлы сұр тұз, млн. т	≥ 600
күкіртқышқылды, аралас, млн. т	≥ 100
натрий сульфаты (мирабилит, тенардит), млн. т	≥ 10
Бариттер (кен), млн. т	≥ 10

2) жер қойнауы учаскесінің немесе кен орнының теңізде немесе ішкі су тоғанында орналасуы;

3) елдің қорғаныс қабілеттілігі немесе ұлттық қауіпсіздігі мүдделері арқылы айқындалатын, игерілуі:

Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделеріне қауіп төндіруге қабілетті немесе төндіретін;

елдің қорғаныс қабілеті деңгейінің төмендеуіне, мемлекеттік шекараның қол сұғылмаушылығына қатер төндіруге әкеп соқтыратын;

экологиялық жағдайдың, оның ішінде ауызсу сапасының күрт нашарлауына, дүлей апаттар мен табиғи және техногендік сипаттағы өзге де төтенше жағдайларға, эпидемиялар мен эпизоотияларға әкеп соқтыратын жер қойнауы учаскелері немесе кен орындары;

4) уран кен орындары;

5) ірі елді мекендерді ауызсумен немесе шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға арналған жерасты суларының кен орны.